## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 шілдедегі N 1156 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 5 тамыздағы № 796 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

"Нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру жөніндегі жұмыстарды жақсарту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 4 қарашадағы N 1654 P991654_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790 P960790_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 29, 256-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесінде:

1) "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі" бөлімінің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі";

реттік нөмірлері 9-35, 9-36, 9-37, 9-38, 9-39, 9-41, 9-42, 9-43, 9-44, 9-45, 9-47, 9-49 9-51, 9-52, 9-53, 9-54, 9-55, 9-56, 9-57, 9-58, 9-59, 9-60, 9-61, 9-62, 9-63, 9-65 - жолдар алынып тасталсын;

2) "Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі" бөлімі мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 470-141 - 470-155 - жолдармен толықтырылсын:

"470-141 "П. Чайковский атындағы Алматы қаласы Алматы музыка колледжі" қазыналық кәсіпорны

470-142 "А. Селезнев атындағы Алматы қаласы Алматы хореографиялық училищесі" қазыналық кәсіпорны

470-143 "О. Таңсықбаев атындағы Алматы қаласы Алматы безендіру-қолданбалы

өнер колледжі" қазыналық кәсіпорны
470-144 "Ы. Алтынсарин атындағы Алматы қаласы қазақ білім академиясы" қазыналық кәсіпорны
470-145 "Қазақ ұлттық музыка Астана қаласы академиясы" қазыналық кәсіпорны
470-146 "Ж. Елебеков атындағы Алматы қаласы республикалық эстрада-цирк колледжі" қазыналық кәсіпорны
470-147 "Республикалық Алматы қаласы көркемсурет колледжі" қазыналық кәсіпорны
470-148 "Республикалық оқушылар Алматы қаласы сарайы" қазыналық кәсіпорны
470-149 "Дарын" республикалық Алматы қаласы ғылыми-практикалық орталығы" қазыналық кәсіпорны
470-150 "Республикалық білім беру Алматы қаласы жүйесінің басшы және ғылыми-педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институты" қазыналық кәсіпорны
470-151 "Республикалық білім Алматы қаласы беруді ақпараттандыру ғылыми-әдістемелік орталығы" қазыналық кәсіпорны
470-152 "Қазақ мемлекеттік спорт Алматы қаласы және туризм академиясы" қазыналық кәсіпорны
470-153 "Ақмола қаржы-экономикалық Астана қаласы колледжі" қазыналық кәсіпорны
470-154 "Семей қаржы-экономикалық колледжі" қазыналық кәсіпорны Семей қаласы
470-155 "Қазбілімжабдық" өндірістік-коммерциялық бірлестігі (шаруашылық жүргізу құқығында) Алматы қаласы";

реттік нөмірі 470-106-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"470-106 "Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті" қазыналық кәсіпорны Семей қаласы";

реттік нөмірі 470-114-жолдағы 2-баған "Қазақ" деген сөздің алдынан " Мұхамеджан Тынышбаев атындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

реттік нөмірі 470-115-жолдағы 2-баған "Қазақ" деген сөздің алдынан "Тұрар Рысқұлов атындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

реттік нөмірі 470-123-жолдағы 2-баған "Қазақ" деген сөздің алдында "Қаныш Сәтпаев атындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

3) мынадай мазмұндағы бөліммен және реттік нөмірлері 517 және 517-1 - 517-7, 518 және 519 жолдармен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының туризм және спорт жөніндегі агенттігі

517 "Биік таудағы "Медеу" спорт кешені" қазыналық кәсіпорны Алматы қаласы

517-1 "Штаттық ұлттық командалар және спорт резерві дирекциясы" қазыналық кәсіпорны Алматы қаласы

517-2 "Республикалық спорттың бұқаралық түрлерінен жоғары спорттық шеберлік мектебі" қазыналық кәсіпорны Алматы қаласы

517-3 "Спорттың ойын және қысқы түрлері бойынша республикалық жоғары спорттық шеберлік мектебі" қазыналық кәсіпорны Алматы қаласы

517-4 "Республикалық спорттың қолданбалы түрлері бойынша жоғары спорттық шеберлік мектебі" қазыналық кәсіпорны Алматы қаласы

517-5 "Су спортының түрлері бойынша олимпиадалық резервтің республикалық мамандандырылған балалар және жасөспірімдер мектебі" қазыналық кәсіпорны Алматы қаласы

517-6 "Республикалық спорт колледжі" қазыналық кәсіпорны Алматы қаласы

517-7 "Бутаковка" оқу-спорттық базасы" қазыналық кәсіпорны Алматы қаласы "Бутаковка" шатқалы

| | | |
|---|---|---|
| 518 | "Спорт & ks" газетінің ;редакциясы" қазыналық кәсіпорны | Алматы қаласы |
| 519 | "Қазинтерспорт" қазыналық кәсіпорны | Алматы қаласы". |

2. "Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің қарауындағы ұйымдарды басқаруды жетілдірудің жекелеген мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 13 мамырдағы N 706 P000706_ қаулысына Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізетін өзгерістер мен толықтырулардың 1-тармағының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК